

## "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 07/06 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 наурызда № 3063 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 12 мамырдағы N 18/02 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 12.05.2016 N 18/02 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органның үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығын басшылыққа ала отырып және Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 05 ақпандағы №04/03 "Мемлекеттік мекемелерді қайта құру туралы" қаулысын орындау мақсатында, Балқаш қаласының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. Қоса беріліп отырған "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Саягуль Жақсылықовна Жақсылыковаға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Балқаш қаласының әкімі

А. Райымбеков

Б а л қ а ш	қ а л а с ы	ә к і м д і г і н і н
2 0 1 5	ж ы л ғ ы	а к п а н д а ф ы
қаулысымен бекітілген	1 7	№ 0 7 / 0 6

## "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік

мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес қала әкімдігімен бекітіледі.

8. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Уалиханов көшесі, 5 үй, пошталық индексі: 100300.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде - "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - государственное учреждение "Отдел физической культуры и спорта города Балхаш".

10. Осы Ереже "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер өкелетін қызметті жүзеге асыруға құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберілсін.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: дene шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында тиімді мемлекеттік басқару мен салааралық үйлестіруді қамтамасыз ету.

14. Міндеттері:

1) бұқаралық, ұлттық спорт түрлерінен, мүгедектер спортынан қала құрама командаларының дайындығын және олардың облыстық және республикалық спорт жарыстарына қатысуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) қаланың дene шынықтыру және спорты дамыту жоспарын әзірлейді және жүзеге асырады;

2) Балқаш қаласы аймағын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

3) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалу орындарында спорtpен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды;

4) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері бойынша аудандық, қалалық, облыстық спортық жарыстарды өткізеді;

5) спорт түрлері бойынша қалалық құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық спортық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

6) қала аумағында бұқаралық спорты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

7) қала аумағында қалалық дene шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

8) спортыштарға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спортық разрядтарын береді;

9) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары

денгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

10) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өнірлік күнтізбесін іске асырады;

11) қала аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуі үйлестіреді;

12) қала аумағында дene шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде облыстың жергілікті атқарушы органына ұсынады;

13) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша қалаланың құрама командаларының тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;

14) ресми дene шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

15) дene шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

16) қалалық спорт ғимараттарын салу мәселелерін үйлестіреді және олардың халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз етеді;

17) қалалық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер спорттық мектептерінің қызметін қамтамасыз етеді;

18) спорт ұйымдарына әдіstemелік және консультациялық көмек көрсетеді;

19) дene шынықтыру және спорт бағытындағы қоғамдық бірлестіктер дene шынықтыру мен спортты насихаттауды жүргізеді, денсаулықтарын сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, жұмысқа қабілеттілік пен белсенді ұзақ өмір сүрудің жоғары деңгейіне, сондай-ақ ізгілік мұраттары мен спорт құндылықтарына қол жеткізу үшін дene шынықтыру компоненттерін практикалық пайдалануда халықтың білім деңгейін арттырады;

20) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен әзірленген қалалық спорттық жарыстардың ережелерін (регламенттерін) бекітеді;

21) мүгедектерге дene шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін спорт ғимараттарына баруға жағдай жасауды, арнайы спорттық мүліктерді беруді қамтамасыз етеді;

22) мекеме құзыретінің шегінде әкім және қала әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлейді;

23) құзырет шегінде мәселелерді қарау кезінде барлық мекемелерде мемлекет мүдделеріне өкілдік етеді;

24) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан

Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) бұқаралық дene шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын, бұқаралық, ұлттық спорт түрлерін, мүгедектер спортын дамыту мәселелерін реттейтін бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің, бағдарламалық-әдіскерлік құжаттардың жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) конференциялар, семинарлар және тағы басқа оқыту түрлерін ұйымдастыру және өткізуге қатысу және бұқаралық дene шынықтыру-сауықтыру мамандарымен тәжірибе алмасу;

3) дene шынықтыру және спорттың дамуы бойынша мәліметтерді талдау және жоғарыда тұрған органдарға ұсыну;

4) заңнамамен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### 3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. "Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерді орындауға және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы лауазымына қала әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. "Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мекеме қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) тікелей қала әкіміне бағынады және мекемеге жүктелген функцияларды орындауға жауапты;

3) дара басшылық қағидасында әрекет жасайды және Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы ережемен белгіленетін құзыретіне сәйкес мекеменің қызметін мәселелерін өз еркімен шешеді;

4) өз құзіреті шегінде мекеменің қызметшілерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

5) өз құзіреті шегінде барлық қызметшілерге міндетті бұйрық шығарады және нұсқау береді;

6) қызметшілерге ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жаза береді;

7) қызметшілердің өкілеттіліктерін анықтайды;

8) жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлас

жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

9) мекеменің құзыретіне кіретін мәселелерді шешу мақсатында атқарушы органдардан белгіленген тәртіpte материалдарды сұрайды және алады;

10) мұдделі мекемелерді тартумен мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіpte жиналыс шақырады;

11) мекеме атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;

12) барлық ұйымдарда мекеменің мұдделерін ұсынады;

13) келісімдер жасайды;

14) сенімхаттар береді;

15) мекеменің іс-сапарлар, тәжірибе алмасу, республикалық және шет елдік оқу орталықтарына және біліктілікті көтерудің басқа да түрлері бойынша мекеме қызметшілерін оқытуудың және біліктіліктерін арттырудың тәртібі мен жоспарын бекітеді;

16) Қазақстан Республикасының заңнамаларында, осы Ережеде жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаган кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. "Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Балқаш қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта құру және тарату**

23. "Балқаш қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК